

## Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 18-85 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-6-тармағына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 26 шілдедегі №312 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33163 болып тіркелген) сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы облыстық мәслихатының "Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы №26-129 "Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №12-61 шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №161858 болып тіркелген) күші жойылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасының м.а.

Е.Абитов

Алматы облыстық мәслихатының 2024  
жылғы 29 наурыздағы № 18-85  
шешіміне қосымша

## Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 2-6-тармағына, "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 15-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 26 шілдедегі № 312 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33163 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеудің тәртібін айқындайды.

## 2. Осы үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұфымдар:

1) әлеуметтік еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйе – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобиЛЬДІЛІГІ орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі;

2) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес тиісінше мэртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

3) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және интеграциялау қызметтерін көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;

4) қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуышыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етіletіn қандастардың және (немесе) қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

5) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;

6) қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуышыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етіletіn қоныс аударушылардың және (немесе) қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

7) облыс ішінде қоныс аудару – мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу немесе кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу мүмкіндігі болған кезде экономикалық даму әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына бір облыс шегінде қоныс аудару;

8) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындастын Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;

9) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) ішкі көші-қон – жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішінде тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында қоныс аударуы;

11) ішкі көшіп-қонушы – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы адам;

12) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

## **2-тaraу. Алматы облысындағы көші-қон процестерін реттеу тәртібі**

3. Алматы облысында көші-қон процестерін мониторингтеу олардың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени дамуының жай-күйіне, экологиялық ахуалына әсері ескеріліп жүзеге асырылады.

Алматы облысында көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өнірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, өнірлік еңбек нарығының теңгерімділігі, инженерлік-көліктік және әлеуметтік инфорақұрылыммен қамтамасыз ету жатады.

4. Алматы облысында көші-қон процестерін реттеу үшін Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына (бұдан әрі – Басқарма):

өнірдің тиісті аумағын қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыруға арналған өнірлерге жатқызуға (жатқызбауға);

шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өнірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға);

еңбекші көшіп келушілерді тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

5. Қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру екі бағыт бойынша:

1) Үкімет айқындаған өнірлерге қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасы шеңберінде;

2) бір облыс шегінде жүзеге асырылады.

6. Басқарма жұмыс күшінің мобиЛЬДІЛІГІN арттыру үшін экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары ауылдық елді мекендердің, шағын және монақалалар, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ экономикалық өсу орталығы қатарынан елді мекендердің тізбесін қалыптастырады.

7. Басқарма жыл сайын, 15 желтоқсанға дейін, қандастар мен қоныс аударушыларды, оның ішінде облыс ішінде қоныстандыру мақсатында жұмыс күшінің мобиЛЬділігін арттыру үшін адамдардың еркіті түрде қоныс аударуына арналған елді мекендердің тізбесін анықтайды.

8. Басқарма елді мекендер тізбесін Электрондық енбек биржасында, "Қоныс аудару" бөлімінде орналастыруды қамтамасыз етеді және енбек мобиЛЬділігі орталықтарына, ауылдық округтердің әкімдіктеріне жібереді.

9. Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдемдесуге, қандастарды, әсіресе, жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы да жүзеге асырылады.

10. Демографиялық дамуды мемлекеттік қолдауға қажеттілігі бар даму әлеуеті бар агломерация және ауылдық елді мекендердің, шағын және монокалалардың, аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың аумақтарында қандастарды қоныстандыру үшін бейімдеу бағдарламалары жүзеге асырылады.

11. Көші-қон жағдайының дамуын мониторингтеуді және болжауды қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, мектептер, балабақшалар және медициналық мекемелер салу мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамытуды жоспарлау мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жеріне тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 қаулысымен бекітілген "Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" қағидаларымен жүзеге асырылады.